

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан
Жазушылар одағы
басқармасының газеті

№ 41 (196).

ЖҰМА, 10 ОКТЯБРЬ 1958 ЖЫЛ.

Бағасы 40 тиын.

Ташкент конференциясы

Әуезев Мұхтардың сөзі

Ардақты достар! Ең әуелі сіздерге Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменістан атынан жалаңды достық сәлемін жолдаймын. Баршаңызға саушылық пен табыстар тілеймін!

Бұл сөзді неден бастасам екен деп ойлағанда, мынадай бір жәй ойға түседі. Бір жан әлде бір сұқпатта: «көргенімді айтайын ба, естігенімді айтайын ба?» депті. Сонда сыншы: «Көргенімді айт, себебі көрген шын, естіген өтірік» депті. Алғашқы кісі: «Өтірік пен шынның арасы қайша жер еді?» дегенде, әлгі сыншы: «Екі арасы тым жақын, төрт-ақ елі, көзбен көрген шын, құлақпен естіген өтірік» депті.

Өзімшіл, мен емес, тек бір сәтке жаңағы сыншыны қостағандықтан, өз өмірімде, өз көзіммен көрген кейбір жайларыма мегзеймін.

тен көбі Айтбектің «Навои» романын оқып танумен болды.

Дәл сондайды біздің даңқты жазушымыз, Орта Азия, Қазақстан жазушысы — бәріміздің ардақты ағамыз Садриддин Айнидің «Бухара» романы жөнінде де көрдім. Бұл еңбегінде С. Айни өзінің балалық, шәкірттік шағын, Бұқараның есінен кетпес көріністерін бейнелейді. Атақты медресе «Мираб» тірлігін ерекше суреттеумен қатар, өз халқының, өз басының нелер толқын күйлерін аңғартады. Кәзіргі шақта «Бухара» романы дүние жүзіндегі көп-көп елдер тіліне көшті.

Енді бір көрген мен түйгенді бауырлас елім Қырғыз республикасы жайынан атамақпын. 1928 жылы Фрунзедегі астанада мен зор бір мәдениеттік-тарихтық табысқа ұшырастым. Сол шақтарда бүкіл әлемдік

адам өміріндей шағын ғана шақта сан ғасырлар жолдарын басып оздық. Әрине, мұншалық көркейіп, өркендеу тек қана Октябрь революциясының әзірлеп кеткен рухани дөнінен туып отырғаны баршаға шамдай айқын.

Осымен мен енді сондайлық көргендерім мен танығанымға сүйеніп, әдебиеттік-шығармалық процестің кейбір арнаулы проблемалы мәселесіне сәл тоқтайын. Бұл ретте ұлттық түр мен біздің әдіс — социалистік реализм әдісіне назар аударалық. Осынау жайларға үңіле ойланған шақта ұлттық түрдің қандай ерекше проблемасы ең алдымен аталады? Біздің шамамызша, ұлттық түрдің жаңалықтары бірнеше ұлы сәттердің тоғысып, қайнасу, қорытылу қалпынан туады. Ең әуелі, баршалық халық ұғымына жат, бөтен, бөгде, талғауына татымайтын, жаңалыққа жақпайтын жайлардан арыла осу бар. Бұл-сынмен ерекше еңсей, талғау. Сонымен жалғыз озғын, өскелең жақсының бәрін көмекке алып, керекке жарату бар. Маркстіл-лениншіл эстетиканың негізгі бір шындығы, сыры осында.

Екінші, ұлттық түр дегеніміз жаңа дәстүрлер тудырып, өзгеріп өсетін, жаңа көркемдік қасиеттер табатын дүние.

Үшінші, сол өсу, даму жолында ұлттық түр жаңа сыпатқа ие болғанда, біздің Отан мен бар әлемдегі өнерлі елдер әдебиетінің шеберленген түрлерін үлгі етіп алып өседі. Барлық әдебиеттеріміз халықтар достығының игі топырағында, аясында дамиды. Ол достықтың ең асыл нәрі, үлгісі — достарды, асыл-артықты ерікті түрде ауысып алумен керекке жарату. Сол арқылы екі жақты өсу, гүлдеу болмақшы.


Советтік Шығыстың көп әдебиетіне осылай үлгі алысу жолымен жаңа жанрлар кірді. Проза, драмалар озғын елдердің реалистік дәстүрлері ретінде келді. Сондайлық биік өнер мен жаңалықтарды біздің оқушыларымыз өз халқының тарихында өзіндік өсу заңы деп, дәл өзінің халықтық жан тамырынан тараған, өз жаңының үні деміндей қабыл алды. Өзбек, Қырғыз, Түркмен роман оқушылары мұны өзінің ұлттық өрлеуі деп таниды. Жаңа жанр — түркмен көркейген халықтық, көркемдік ойдың, шабытты шарықтауы деп біледі. Сондайлық жаңа түр тек тілмен ғана ұлттық емес, соның үстіне бейнеленген өмір қапымен ұлттық. Бұнда халықтың жан-жүйесі, мінез-әрекеті, тіл-теңеу, көріктеу кестесі, жаңа адамдық қарым-қатынас машықтары — бәрі ұлттық өзгешеліктерді таныта келеді.

Көркем әдебиет жайына келгенде біз ұлттық түр тек қана тіл көлемінде ғана болады демейміз. Әдебиеттік әлденеше ерекшелік, әсіресе, поэзия түріндегі ерекшелік. Ұлттық түрдің ауыспай, өзгермей тұратын бітімі боп та жүреді. XIX ғасырдағы біздің классиктеріміз өздерінің тарихтық міндеті деп білгенін, іздену өрістерін өлем классик әдебиет және сол арқылы әлем әдебиетінің озғын дәстүрлерімен жақындасғыру деп білсек, солай өткендер: Абовян, Чавчавадзе, Ахундов, Хеттатуров, Абай, Тоқай, Айни, Хамза Хаким-зада Ниязи болатын. Тарихтың жаңа кезеңінде ұлттық түрде соларды дамыту өнерімен, дәстүрімен анық халықтық арманы деп біліп, біз артқылар көп үлгі сабақ алдық. Олар бастаған жаңалық игіліктің ең ірі қасиеті осындай еді.

Біздің классиктеріміз еріктеуші, солықтаушы болмаған. Озғын өріс әдебиеті мен әлем әдебиетінің асыл дәстүрлерін сіңіре білген де, сол дәстүрлердің өзін және байытта түсу керек деп өсиеттеген.

Өздерінің идея мүддесіне нық берік біздің жазушыларымыз Ұлы отан мен тұтас адамзат қоғамының прогресіне еңбек етеді. Баршыны жанымен құл болған халықтар азаттығы үшін алысып келеді, алысқақты да. Бұрын да, бүгін де, ертең де халықтар теңдігі мен әлем бейбітшілік үшін алысады.

Енді қысқа сөздің соңында, менің ең алғашқы бастаған жөніме бір сәтке қайта орадуға рұқсат болса, тағы бір көзбен көргенді айта кетейін. 1957 жылы Жапонияны аралап жүргенімде жапон халқының бір нақылын естіп ем: «Никконы көрмеген болсаң «гажайып» деген сөзді қолданба» дейді екен. Ал мен Никкода болдым да, сол бір жердің шынайы, жан таңырқар көркін көрдім. Соны еске алып бір ғана тілек айтар ем: «Біздің осы конференцияда көргеніміз бен танығанымыз соңында айтар қорытындымыз «гажайып» болса екен.



Жазушы М. Әуезев Ташкент конференциясы делегаттарымен әңгімелесіп тұр. Солдан оңға қарай: Камерун (Гана), Эфуа Садаланд (Гана), М. Әуезев, Сираси (Шейлон).

Суретті түсірген И. Глауберзон.

Алты жасар шағымда үлкен атамның киіз үйінде бір күні қағазға жазылған өлең көрдім. Үлкендер әндетіп, бала атаулы өзіміз шырқатып жүрген ән сөзі қағаз жүзінде үнсіз жым-жырт болып жатыр дегенге таң болдым. Атам бұл сөз Абай атаңның өлеңі дегенге, әсіресе, қайран едім.

Ералы жайлауындағы бар елдеріміз өзі жоқта да, сөзін көріп, тыңдап отырған Абай қандай жақсы екен деп ойлап ем. Сол Абай алпыс жыл өмір жасап, өлеңдері тек жазба күйінде, тек жайлауларда ғана мәлім болып дүние салды. Ол менің алты жасымда көргенім еді. Ал бүгін, алпыс жасымда сол Абай жөнінде көзбен көріп отырғаным өзгеше шындықты айтады. Абай мұраларын өз тілінде тек қазақ қана емес, орыс, өзбек, түрікмен, тәжік, қырғыз және басқа көп тілде оқиды. Абайдың өз өмірі туралы киносурет, опера, трагедия және төрт томдық роман жазылды. Роман 25 тілге аударылып, Абайдың өмірі мен дәуірінің өткен ғасырдағы халықтың болмысын баяндайды.

Қазақ халқының Алматыдағы Амадемиялық опера және балет театры Абай атымен аталады. Абайдың өз шағында жағрыз әнші қос шекті домбырамен айтатын әндерін бүгін Қазақстан халық артистері симфониялық оркестрмен жырлайды.

Бұл менің Қазақстанда бүгін көріп отырған жайларым. Мен осыны айтып тұрған шақта сіздердің естеріңізге кәзір біз отырған осы Навои атындағы бір туысқан өзбек халқының театры да келген болар. Ұлы Навои мұрасы мен өмірі бойынша туған опера түр көз алдымызда. Ол — созылған ән, сызылған би, салтанатты сән, тамыл-жыған күй түрінде өзбек әнші-биші, күйші операпаздары көрсетер көркі.

Ол ғана емес. Санам ғана сезбейді, көзім де көріп тұрғандай бір сәт тағы бар. Ол — менің қадірлі досым, асқан ақын және романыш өзбек жазушысы Айтбектің алты-жеті жасар шағы. Ол да сонда Навоидің «Чар Диван» жолдарына бар ынтасымен үңілген күйде көрінді. Ал бүгін Навои жөніндегі романы Одаққа түгелдей жайылды. Ұлы Отанымыз сырғында да талай-талай достарымызға жетті.

Мен Чехословакияда Совет — чехословакия достық айып өткізген кезді көрдім. Сонда чех пен словак оқушыларының көп-

халық өнері тарихында ең ұлы дастан — «Манастың» ең бірінші рет, ең толық түрі жазылып болған екен. Оны ұдайы төрт жылдай жомоқшы Сағынбай Оразбақұлы жырлапты да, мұғалім Әбдірахманов 14 кітап етіп жазып алты. Жол саны 240 мың екен. Сол шаққа дейін көп ғасырлар бойы ақындықтың анық теңізі тек қана Қырғыз жомоқшы-ыршыларының аузында ғана жүрген-ді. Осы Манас жөнінде бүгін нені көреміз?

Қырғыздың алғашқы декадасында, Москвада Манас тақырыбы бойынша жазылған опера — «Айшөрек» қойылды. Сондағы зор тулғалар сарындарын, әндерін қырғыздың асқан шебер өнерпаз артистері орындады.

Мұнда да театр өнері мүлде болмаған күйден осы артистердің аз өмірінің ғана ішінде шарқ ұрып өрлеп өскен аса өнерлі театрдың күй-көркіні көреміз.

Тағы бір сәт әдебиетінде ұлы табыс, өнер, білімге мол өрісі бар, қадірлі, туысқан еліміз Түркмен халқының зор бір ерекше өнегесін көреміз. Бұл үлгісі басқа барлық елдерімізге шын өнеге болғандай. Халықаралық достық, жалғастық үлгісі. Түркмен оқымыстылары бастап, дарынды ақындары еңбек етіп, түркмен тіліне Индия халқының ұлы мұрасы «Махабхаратаның» толық аудармасын жасаған.

Сөйтін менің туған республикада — біздің Шығыста, менің өз көзімше, өз өмірімде болған болмыс туған туыстың бірнеше ғана нұсқаларын, шындығын ерекше айтамын. Осы алуан табыстарды айтудың соңында енді бір ғана көз көргенді айтып тынайын.

1917 жылы жоғары оқу орнына түсем деп жүрген шағымда, барласам, барлық азиялық Россияда — Сібір мен Қыр Шығысты қосқанда-жалғыз ғана Төмеки университеті бар екенін көріп ем. Ал бүгін Орта Азия республикалары мен Қазақстанның өзінде ғана дәл 80 дей жоғары оқу орындары бар екен.

Жә, бүгінгі меймандос, қадірлі астанамыз Ташкенттің бір өзінде дәл бүгін 16 жоғары оқу орны бар. 1917 жылы Россияның екі астанасы: Москва мен Петербургте 16—17 жоғары оқу орындары болған.

Бұған дейін мен біздің әдебиет пен өнердегі өсу-дамудың ішінен өзім ғана көргеннің жүзден бірін ғана атап өттім. Жалғыз ғана